

"Сайлау учаскелерін құру туралы" Қарғалы ауданы әкімінің 2014 жылғы 26 ақпандағы № 7 шешімінің күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімінің 2016 жылғы 05 сәуірдегі № 7 шешімі.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Сайлау учаскелерін құру туралы" Қарғалы ауданы әкімінің 2014 жылғы 26 ақпандағы №7 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3787 болып тіркелген, аудандық "Қарғалы" газетінде 2014 жылғы 13 наурыздағы № 11 (4768) санында және 2014 жылғы 12 қаңтарда "Әділет" АҚЖ-де ресми жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

2. Осы шешімнің орындалуы бақылау аудан әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы С.Мұхтасаровқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Р.Сыдықов